

«КЕЛІСІЛДІ»


Тасқала аудандық білім
бөлімінің басшысы:

 **А.Касимова**



«БЕКІТІЛДІ»

2020ж. 28 тамыз №3
педагогикалық кеңестің
хаттамасымен
орталық директоры



Б.Мауленов

**Тасқала аудандық мектептен тыс жұмыс орталығының
2020-2021 жылына арналған жұмыс
ЖОСПАРЫ**

*Тасқала ауданы
2021 жыл.*

ЖҰМЫС ЖОСПАРДЫҢ МАЗМҰНЫ:

№	Мазмұны	Беті
Кіріспе	Орталық үйірмелерінің 2020-2021 оқу жылына арналған түсінік хаты	3 бет
	Орталықтың 2020-2021 оқу жылына арналған үйірмелер жұмысының сандық мәліметі	5 бет
	Орталықтың 2019-2020 оқу жылына арналған жұмысына талдау және 2020-2021 оқу жылына арналған міндеттері	5-19 бет
1-бөлім.	Ақпараттық-аналитикалық қызмет	19 бет
2-бөлім.	Әдістемелік-ұйымдастыру қызметі	19 бет
2.1	Қайта даярлауды ұйымдастыру	19 бет
2.2	Оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыру (семинар-кеңес, оқыту семинары, дөңгелек үстел, конференция және тағы басқа біліктілікті арттыру түрлері)	19 бет
2.3	Педагог кадрларды аттестациялау жұмысын ұйымдастыру	20 бет
2.4	Озат тәжірибені зерттеу, тарату және ендіру	20бет
2.5	Педагогикалық кеңес отырыстары	20 бет
2.6	Әдістемелік кеңес отырыстары	21 бет
2.7	Директор жанындағы кеңес отырыстары	21-22бет
3-бөлім.	Оқушылармен өткізілетін бұқаралық-көпшілік іс-шаралар,	22-27 бет
3.1.	байқаулар	
3.2.	«Рухани жаңғыру» бағдарламасының жоспары	
3.3.	Педагог-психологтің жылдық жұмыс жоспары	
3.4.	Семинарлар	
3.5.	Акциялар	
3.6	Апталықтар	
4-бөлім.	Ата-аналармен жұмыс жоспары	27 бет
5-бөлім	Жас мамандармен жұмыс	27-28 бет
6-бөлім	Орталықтың 2020-2021 жылға жұмыс жүргізу циклограммасы	28-29 бет
7-бөлім	Ішкі бақылау	29-30 бет
8-бөлім	Аудандық мектептен тыс жұмыс орталығының аппараты қызметінің ұйымдастыру мәселелері	30 бет

2020-2021 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН ОРТАЛЫҚ ҮЙІРМЕЛЕРІНІҢ ТҮСІНІК ХАТЫ

Қосымша білім беретін мектептен тыс ұйым - бұл білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қосымша білім берудің білім беретін оң бағдарламасын іске-асыратын оқу-тәрбие ұйымы. Қосымша білім беру үрдісінің негізгі мақсаты - қосымша білім беруді кешенді дамыту мен рухани тәрбиелеу, оқушылардың бос уақыты мен демалысын қамтамасыз ету. Қосымша білім беретін оқу бағдарламалары білім алушылардың өзін-өзі билеуін, шығармашылығын дамыту, олардың қабілеттерін іске асыру, қоғам өміріне бейімделуі, азаматтық сана-сезімін, жалпы мәдениетін, салауатты өмір салтын қалыптастыру, бос уақытын мазмұнды ұйымдастыру үшін жағдайлар жасауды көздейді.

ҚР «Білім туралы» Заңының талаптарына сай қосымша білім беру ұйымы жеке тұлғаның жалпы адамзаттық құндылықтарын, еркін дамуына бағытталған кешенді тәрбие бағдарламасын әрі қарай жүзеге асыруы баланың өміріндегі орнын өзі белгілеуге көмектеседі. Қосымша білімнің маңыздылығын және мәртебесін қалпына келтіру үшін мектептен тыс ұйымының үйірмелер жүйесінде 2020-2021 оқу жылында «Жас зерттеуші», «Драма», «Жас суретші», «Қыш құмыра», «Жас тігінші», «Қолөнер», «Робототехника», «Авто үлгілеу», «Кеме үлгілеу», «Шахмат», «Телестудия», «Жас әдебиетші» үйірмелері өз қызметін бастайды. Өткен оқу-жылына қарағанда ағымдағы оқу жылында үйірмелер саны мен жүктемелерінде өсу деңгейі қалыптасты. «Техникалық шығармашылық» үйірмесі биыл таратылып, «Авто үлгілеу», «Кеме үлгілеу» жекелей оқытуды жүзеге асырса, спорттық бағытта зияткерлікті дамытатын «Шахмат» үйірмесі оқушылардың қызығушылығына ие үйірмелер болып табылады.

Ағымдағы оқу жылында оқушылардың қызығушылығы мен қабілетіне «Жас суретші» (Жалмуханова Г.), «Робототехника» (Мауленов Б., Қанатов А.), «Телестудия» (Наджимова С.), «Драма» (Рақметов Қ.) үйірмелері жетекшілерінің авторлық бағдарламалары БҚО Тасқала ауданы аудандық балалардың мектептен тыс жұмыс орталығының әдістемелік кеңесінде қаралып, 1 жылға апробация ретінде қолдануға ұсынылды. Хаттама №1. 10.09.2020 жыл.

Ағымдағы оқу жылында оқушылардың қызығушылығы мен қабілетіне қарай үйірмелерге «Жас зерттеуші» - 23, «Жас суретші» - 46, «Жас тігінші» - 26, «Қыш құмыра» - 12, «Қолөнер» - 22, «Робототехника» - 67, «Авто үлгілеу» - 23, «Кеме үлгілеу» - 22, «Телестудия» - 22, «Драма» - 20, «Шахмат» - 21, «Жас әдебиетші» - 20 оқушы тіркеліп, нәтижесінде оқу жылында 13 үйірмеге, 324 оқушы қамтылды.

Қосымша білім беру жүйесіндегі аталған бағыттар өскелең ұрпақ бойына отаншылдық сезімімен қатар саналы білім, ұлтжандық қасиеттерін дарыта отырып, бағдарлы саласын анықтауға таптырмас мүмкіндік. Әр үйірмеге қатысушы оқушы үйірме жұмысымен қатар, мәдени-көпшілік іс-шаралардан шыңдала отырып, тәжірибе алмасады. Бұл процесс өз кезегінде оқушыға жан-жақтылыққа, нақтылыққа, жауапкершілікке, жетістікке жетуге жетелейтін мүмкіндік болып табылады.

2020-2021 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН ҮЙІРМЕЛЕР ЖҰМЫСЫНЫҢ САНДЫҚ

МӘЛІМЕТІ

№	Жетекшінің аты-жөні	Апталық сағат саны	Топтар саны, оқытылуы	Бала саны	Үйірмелер атауы
1.	Вологин Н.В.	9	I оқу жылы 2 топ x 4 сағ. = 8 сағ. 1 сағат – оқушымен жеке жұмыс	23	«Жас зерттеуші» үйірмесі 2 топ x 4 сағ. x 36 апта = 288 сағ.
2.	Рахметов Қ.С	9	I оқу жылы 2 топ x 4 сағ.= 8 сағ. 1 сағат – оқушымен жеке жұмыс	20	«Драма» үйірмесі 2 топ x 4 сағ. x 36 апта = 288 сағ.
3.	Жалмуханова Г.Н	18	I оқу жылы 4 топ x 4сағ. = 16 сағ. 2 сағат – оқушымен жеке жұмыс	46	«Жас суретші» үйірмесі 4 топ x 8 сағ. x 36апта =576 сағ.
4.	Тайбагарова Ж.Б	9	I оқу жылы 2 топ x 4 сағ.= 8 сағ. 1 сағат – оқушымен жеке жұмыс	26	«Жас тігінші» үйірмесі 2 топ x 4 сағ. x 36 апта = 288 сағ.
5.	Джакупова Ш.М	4,5	I оқу жылы 1 топ x 4 сағ. = 4 сағ 0,5 сағ. – оқушымен жеке жұмыс	12	«Қыш құмыра» үйірмесі 1 топ x 4 сағ. x 36 апта =144 сағ.
6.	Жаскаират А.А.	9	I оқу жылы 2 топ x 4 сағ. = 8 сағ. 1 сағат – оқушымен жеке жұмыс	22	«Қолөнер» үйірмесі 2 топ x 4сағ. x 36 апта = 288 сағ.
7.	Мауленов Б.Б	9	I оқу жылы 2 топ x 4 сағ. = 8 сағ. 1 сағат – оқушымен жеке жұмыс	27	«Роботатехника» үйірмесі 2 топ x 4 сағ. x 36 апта = 288 сағ.
8.	Канатов А.К	18	I оқу жылы 4 топ x 6сағ. = 24 сағ. 1 сағат – оқушымен жеке жұмыс	40	«Роботатехника» үйірмесі 4 топ x 24 сағ. x 36апта =864 сағ.
9	Имангалиев Р.И	9	I оқу жылы 2 топ x 2 сағ. =8 сағ. 1 сағат – оқушымен жеке жұмыс	22	«Кеме үлгісін жасау» үйірмесі 2 топ x 4 сағ. x 36 апта = 288 сағ.
10	Имангалиев Р.И	9	I оқу жылы 2 топ x 2 сағ.= 8 сағ. 1 сағат – оқушымен жеке жұмыс	23	«Авто үлгісін жасау» үйірмесі 2 топ x 4 сағ. x 36 апта = 288 сағ.
11	Насимуллин О.Н	9	I оқу жылы 2 топ x 2сағ.= 8 сағ. 1 сағат – оқушымен жеке жұмыс	21	«Шахмат» үйірмесі 2 топ x 4 сағ. x 36 апта = 288 сағ.
12	Наджимова С.Ш	9	I оқу жылы 2 топ x 2сағ.= 8 сағ. 1 сағат – оқушымен жеке жұмыс	22	«Телестудия» үйірмесі 2 топ x 4 сағ. x 36 апта = 288 сағ.
13	Лукбанов М.Н.	9	I оқу жылы 2 топ x 2сағ.= 8 сағ. 1 сағат – оқушымен жеке жұмыс	20	«Жас әдебиетші» үйірмесі 2 топ x 4 сағ. x 36 апта = 288 сағ.


№	Педагогтар саны	Үйірме саны	Үйірмелердегі сағат саны	Жеке жұмыс	Бала саны
1	12	12	130,5	14,5 сағат.	324

Оқу жылы 15 қыркүйек күнінен бастап – 25 мамырға дейін жүзеге асырылады.

Оқу жылының ұзақтығы – 36 апта

Орталықтың 2020 жылына арналған жұмысына талдау және 2021 жылына арналған жұмыс жоспарының міндеттері

Тасқала аудандық мектептен тыс жұмыс орталығының қызметі Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңымен, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы №499 қаулысымен бекітілген. «Балаларға қосымша білім беру ұйымдарының типтік ережелері» мен 2015 жылдың 7 сәуіріндегі №170 қаулысымен бекітілген мектептен тыс мекемелерінің «Балаларға қосымша білім беру бойынша құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау» мемлекеттік стандартына сай және «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын» балаларға арналған мектептен тыс жұмыс орталығының 31.07.2007 жылы бекітілген Жарғысын және сондай-ақ өзге де нормативтік актілерді басшылыққа ала отырып, алға қойған міндеттер мен мақсаттарды қамтамасыз етуге бағытталған. ҚР тұңғыш Президенті Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында әрбір мекемеде және сабақтан тыс жұмыстарды көбейту туралы тапсырманы орындау мақсатында ауданымыздың мектептен тыс жұмыс орталығында соңғы жылдары үйірмелер санының бір түріне тоқталғаны байқалды. 2016-2017 оқу жылында 7 үйірмеге 225 оқушы, жылжымалы топтармен қосқанда 1831 оқушы қамтылды. Үйірмелер желісінің кеңейтілу мәселесі туындауына байланысты 2017-2018 оқу жылында 7 үйірмеге 255 оқушы, жылжымалы топтармен қосқанда 1754 оқушы қамтылып отыр. 2018-2019 оқу жылында 6 үйірмеге 226 бала қабылданса, жылжымалы топтармен қосқанда 1427 оқушы қамтылып отыр. 2019-2021 оқу жылында 13 үйірмеге 324 оқушы қамтылды.




Орталықтың 2017-2018 оқу жылында 9 педагог, онын ішінде жоғары білім - 10, арнаулы орта – 0. Жоғары санатты -1, I санатты – 1, II санатты – 2, санатсыз - 5 мұғалім.

2018-2019 оқу жылында 9 педагог. Онын ішінде жоғары санатты - 1 педагог, I санатты- 2, II санатты- 4, санатсыз- 2 мұғалім қызмет атқарды.

2018-2019 оқу жылы II санатқа (Доскалиева С., Наджимова С.Ш.) -2 педагог өтініш беріп, санаттары жоғарлап, 1 педагогтың (Наджимова С.Ш) санаты өзгеріссіз қалды.

2019-2020 оқу жылында «Модератор» санатына (Имангалиев Р., Рахметов Қ., Джакупова Ш., Лукбанов М.) – 4 педагог өтініш беріп, 3 педагог «модератор» санатына өтті, 1 педагогтың санаты өзгеріссіз қалды. 1 педагог «Зерттеуші» (Мауленов Б.) санатына өтініш беріп, санаты жоғарлады.



Мектептен тыс жұмыс орталығы 1981 жылы Батыс Қазақстан облысы, Тасқала ауданы, Тасқала ауылы, Абай көшесі, 5 мекен-жайында орналасқан, жалпы ауданы 295,2 кв.м алып жатқан мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны.

Балалар контингенті 3 жастан 18 жас аралығындағы оқушыларды құрайды.

Кәсіпорын қызметінің негізгі мақсаты:

- Қосымша білім беру ұйымында жеке тұлғаның жалпы адамзаттық құндылықтар, еркін дамуына бағытталған кешенді тәрбие бағдарламасын әрі қарай жүзеге асыру, баланың өмірдегі орнын өзі белгілеуге көмектесу;
- Үйірмелер жұмысында дәстүрлі және қазіргі тәрбие технологияларына қолдау көрсету. Этнопедагогиканы игеру және осы негізде балаларды ұлтаралық достыққа тарту, ұлттық салт- дәстүр, әдет-ғұрып, мәдениет, ұлт тарихын оқып үйренуді тереңдете отырып, оны жас ұрпақтың өз бойына саналы түрде сіңіруіне көмектесу;
- Рухани - адамгершілік және патриоттық тәрбие беру бағытындағы жұмыстарды нығайту. Қоғамның заңдарын, ұжымдық өмір нормаларын, азаматтық әлеуметтік жауапкершілікті т.б.саналы орындау қажеттілігін қалыптастыру;
- Қосымша білім беру ұйымда жеке тұлғаның психикалық қасиеттерін дамытуға және түзетуге, білім алушылардың коммуникативтік және интеллектуалдық қабілеттерін, көшбасшылық қасиеттерін дамытуға көмектесу; балалар мен жасөспірімдердің теріс діни ағымдарға тартылуының алдын алу жұмысын белсендіру; балалар мен жасөспірімдер арасындағы қылмыстың, зиянды әдеттердің алдын алу.

Мектептен тыс жұмыс орталығы 2019--2020 оқу жылында жоспарға сай жұмыстанып, оқушылардың қызығушылығы мен рухани тәрбие алуына олармен бірлесе отырып, жұмыстанды. **«Авто үлгілеу» және «Кеме үлгілеу» үйірмелерінің** негізгі мақсаты – жас жеткіншектердің техникаға қызығушылығын арттыру, ғылыми-техникалық шығармашылық қасиеттерін тәрбиелеу жолдары. Авто көліктер мен кемелер жасауға қызығушылық білдірген оқушыларға еңбек өнімділігін арттыру үшін автомашиналардың түрлі үрдістері автоматтандырылудың тиімді жақтарын түсіндіре отырып, 3D-үлгісін жасау үшін үйрету. Негізгі оқу материалдарын басшылыққа ала отырып, балалардың алған білім-білік дағдыларын, танымдық қабілеттерін арттырады. Оқушылардың танымдық қабілеттерін дамытып, 3D принтерге деген қызығушылығын арттырудың негізгі бір жолы практикалық тапсырмалар мен қызықты тапсырмалар беру арқылы практикасын шыңдау болып табылса, . **«Жас зерттеуші»** үйірмесі – бала зейінін табиғатқа аудару, қоршаған ортаға құрметпен қарау және оқушылардың ғылыми-зерттеу жұмысы арқылы экологиялық адамгершілік әрекеттерін қалыптастыруға бағытталған. Табиғатқа деген жауапкершілік қатынасты қамтамасыз ету, әр оқушыға экологиялық білімді қалыптастыра отырып, денсаулықты қорғауға, экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жолдарын үйрете отырып, табиғат байлықтарын ұтымды пайдаланып, жанашырлықпен қарауға тәрбиеленеді. Экологиялық акциялар, ғылыми-практикалық конференциялар, танымдық экскурсиялар мен өлкетану экспедициялары өткізілді. **«Жас суретші» үйірмесі** – оқушылардың шығармашылық қасиеттерін дамыту, эстетикалық пен көркемөнердік талғамды, алдарына қойған мақсатына талпынуға,

шеберлікке тәрбиелеу жолдары, майлы бояу, акварель, гуаш бояуларымен сурет сала отырып, адамгершілік қасиеттерді сипаттауға ниеттенеді. Бұл үйірме оқушылардың әдеби мұраларға деген талғамын тәрбиелейді, рухани дүниесін кеңейтеді, ақыл-ойы мен ұлттық сана сезімін дамытуға ықпал жасайды. **«Жас тігінші», «Қолөнер» және «Қыш құмыра» үйірмелері** – балаларды шығармашылық жұмысқа тарту арқылы танымдық қабілеттерін еңбек арқылы қолөнер жұмысын дарыту. Ата-бабамыздың халыққа сіңірген орасан зор еңбектерін балаларға насихаттау, үйірме арқылы пайдаланушыларды қолөнер түрлерімен таныстыра отырып, шығармашылыққа баулу, іздену қабілеттерін дамыту, еңбекке қызығушылығы мен ой-өрісін кеңейту және ұлттық тәлім-тәрбиені бойына сіңіру. Қолөнер бұйымды жасату барысында ұқыптылыққа, үнемділікке, қауіпсіздік ережесін сақтауға тәрбиелейді. Терімен, батикпен, бисермен жұмыстар жасап, баланың рухани жетілдіруі үшін жұмыстанады. **«Драма» үйірмесі** – жетілдіруші қойылымдар мен ойындар арқылы ой-өрісін дамыту, алдына қойған мақсатын жету үшін актерлік қабілеттерін шыңдау, көркем тәрбие беру саласында балалармен жақсы көретін спектакльдегі кейіпкерлердің әрекетін сахна тілімен көрсету, театрдағы сахна қимылының ортақ заңдары кейіпкер мінез- құлқының және әрекет өрістеуіне үйрету; **«Роботатехника» үйірмесі**– оқушылардың заманауи біліммен қоса техникалық ойлау қабілетін дамыту, техникалық терминдерді, түсініктер мен ұғымдарды дұрыс қолдана білуге, шығармашылық ойлау қабілетін дамыту, ой еңбегі машығын дамыту, мақсатқа жетуге ұмтылуға тәрбиелеу, білім алуға жоғары мотивация қалыптастыру болып табылады. **«Шахмат» үйірмесі** балаларды шахмат өнеріне баули отырып, тез, шапашаң ойлап, тез шешім қабылдауға үйретеді. Сонымен қатар, аудан және облыс көлемінде өтетін байқауларға дайындайды. **Биылғы оқу жылының басында жаңадан «Жас әдебиетші»** үйірмесі тәрбиеленушілеріне есігін ашқан болатын. Үйірменің мақсаты балалардың сөздік қорын байыта отырып, ақындық, шешендік өнерге баулу. Балаларды әдебиетке қызықтыру. **Педагог-психолог жұмысы** – балаларға әлеуметтік - психологиялық қолдау көрсету, белсендіөмірге енгізу, социумға бейімдеу. Әлеуметтік бейімделуге тосқауыл болатын жағдайларды болдырмау және алдын-алу, дарынды балаларды анықтай отырып, олардың психологиялық тұрғыдан мықты, сыртқы ортамен етене жұмыстануға дағылау болып табылады.Әлеуметтік бейімделуге тосқауыл болатын жағдайларды болдырмау және алдын-алу, дарынды балаларды анықтау, психологиялық көмек үшін арнайы Телефон: 21-8-14; e-mail: taskala_cvr@mail.ru почталары жұмыс жасайды.

Мұғалімдер жетістігі. Қосымша білім беру саласы үздіксіз даму үстінде болатын, шығармашылық тұрғыдан жетістікке толы сала. Аталған 2020 жылы оқушыларға озық білім берудегі еңбегі мен толағай табысы үшін орталық мұғалімдері елдегі пандемияға қарамастан барынша марапатталған болатын. Облыстық қолөнер байқауына белсене қатысқаны үшін облыстық мәдениет, мұрағат және құжаттама басқармасының «Алғыс хаты» Г.Жалмухановаға, Ш.Джакуповаға табысталса, орталық директоры Б.Мауленов облыстық техникалық шығармашылық орталығының «Алғыс хатымен» марапатталды. Озық тәрбие мен отбасы институтын дамытудағы еңбегі үшін орталықтың педагог-психологы С.Наджимова облыс әкімінің орынбасары Ғ.Оспанқұловтың «Алғыс хатымен» марапатталды. Орталықтың қосымша білім беру педагогтарына оқушылардың жетістікке жетудегі еңбегіне мекеме атынан Р.Иманғалиев, С.Наджимова «Алғыс хатпен» марапатталды. Қосымша білім берудегі еңбегі үшін БҚО Білім басқармасының «Құрмет грамотасымен» Ш.ДЖакупова мен Қ. Рахметов марапатталды. Қосымша білім беру ұйымдарының педагогтеріне арналған «ОЛИМП» облыстық сырттай кәсіби байқауынан I дәрежелі Дипломмен М.Лукбанов, Г.Жалмуханова, А.Қанатов ие болды.

Семинарларды ұйымдастыру. Қаңтар айының 10-11 күндері «Жас туристтер станциясы» мен «Саз мектебі» ұйымдастырған «Қосымша білім беру педагогтеріне арналған семинар» өткізіліп, орталықтан мекеме диреторы Б.Мауленов, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары М.Лукбанов және бұқаралық бөлім меңгерушісі Э.Еселбаева қатысты. Орталықтың ұйымдастыруымен 28-29 қаңтар күндері "Саз мектебінің

педагогтарымен орталығымыздың педагогтарымен бірлескен семинар-кеңес" өткізіліп, мектептердегі қосымша білім беру педагогтары өз тәжірибелерімен бөлісті.

Үйірмелер жұмысының қорытынды есебі: 2019-2020 оқу жылында 12 үйірмеге 307 қамтылып, нәтижелі жұмыстарға қол жеткізген болатын. Орталық жұмысының негізгі бағыты үйірмелер болып табылады. Орталықтың 2018 жылы бастау алған **«Драма» үйірмесі** аз уақыт ішінде оқушыларды қызықтыра отырып, олардың рухани-адамгершілік тұрғыдан дұрыс қалыптасуына оң ықпалын тигізгені сөзсіз. «Драма» үйірмесінің жылдық жұмыс жоспары құрылып, үйірмеге барлығы 15 оқушы қатысқан болса 2020 жылы үйірмеге 20 оқушы тіркелді. Үйірме жұмысының барысында оқушылардың бір топта жұмыс жасауларын қалыптастыру мақсатында түрлі тренингтер жүргізіліп, топтық іс-шаралар өткізілді. Оқушыларға сабақ барысында актерлік шеберлік, сахна мәдениеті, импровизация, сахнадағы пластика, дауыс ырғағы, грим салу, сахналық реквизиттер дайындау т.б. ауқымды тақырыптарда практикалық, теориялық жұмыстар жүргізілді. Осындай жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде үйірме оқушылары аудандық Әбіш оқулары байқауына қатысып, жүлделі 1- орынға ие болып, сайыстың облыстық кезеңінде үйірме мүшесі Д.Тілегенов «Үздік ер адам бейнесі» номинациясына ие болды. Үйірме оқушылары сахналық қойылымдар бағытынан бөлек, жастардың арасында кеңінен таралып келе жатырған жайдарман ойындарына белсене қатысып, «Әзіл әлемі» жайдарман сайысында үйірме балалары үздік өнер көрсетіп, 1-орынға ие болды, сонымен қатар мектепшілік, аудандық қоғамдық іс-шараларға белсене қатысып, өнер көрсетуде. Биылғы жылыда аталмыш үйірменің оқушыларымен байқауларға қашықтан қатысып шығармашылық жұмыстарын жүргізген болатын. 2019-2020 оқу жылының жаңалығы ретінде үйірме оқушыларын Stand Up монолог оқу бағытында және сахналық реквизит дайындау бойынша жұмыстар жүргізілетін болады.

«Жас зерттеуші» үйірмесі жоспарын бекіткізіп жоспарға сәйкес жұмыс жүргізілді. Оқушылармен жұмыс істеу барысында оқушының қабілетіне қарай сабақта тапсырмаларды орындаудағы ерекшелігі мен алғырлығы, оқу мәнері, ізденімпаздылығын бақылап отырдық. Сабақ барысында оқушылар сабаққа белсене, топпен жұмысты жасай отырып, үйірмеге деген қызығушылықтары артты. Топпен жұмыс жасай отырып, оқушылар еркін сөйлеп, өз ойларын еркін жеткізе білді. Биылғы жылдың келеңсіз жағдайларына қарамастан үйірме тәрбиеленушілері байқауларға қашықтан және сырттай қатысып өздерінің белсенділігін танытқан болатын.

«Авто үлгілеу» және «Кеме үлгілеу» үйірмелері сабақтан тыс уақытта жүргізілетін өзге үйірмелерге ұқсамайтын өзіндік атқаратын қызметімен тәлім тәрбиелік мүмкіндігі зор үйірме. Бұл кеме үлгісі, авто үлгісі бойынша мектеп оқушыларыға модельдеу туралы түсінік беріп оны іс жүзінде үйретеді. Сабақ өткізудің бірінші кезеңінде оқушыларға мектептің бағдарламасында кездесетін яғни сызу, технология және бейнелеу өнері пәндерімен ұштастыра отырып басқа материалдарды пайдаланып пәннің маңыздылығы мен пайдасын көрсетілді. Оқушыларға жаңа модельдердің нобайларын салдыра отырып, сабақтарда қолдана отырып оқушыларды макеттердің сызбаларын материалға тусіруге, әрбір бөлшектерін ойып кесуге баулиды. Оқушыларға ПВХ материаллы туралы жалпы түсінік беріп, олардың қолдану тәсілдерін үйретеді. ПВХ материалы арқылы кеме, авто модельдерінің макеттерін жасауды жүзеге асырады. Кеме, автомобильдерінің сызбаларын оқушыларға дұрыс түсініп қолдануға бағыттайды. Оқушыларды шығармашылыққа баулып үйретіп, жарыстарға қатыстыру үйірме жұмысының бір бағыты бола отырып, оқушыларды ынталандыру. Соның нәтижесінде оқушыларым жүлделі орындарға иеленді. Ауыл шаруашылық көлігін жасату тақырыбы бойынша оқушылар модельдерін жасап «Ұлы өнертапқыштыққа алғашқы қадам» инновациялық идеялар аудандық байқауына қатысып Уркенов Набиулла II орынға, осы бағытта облыстық байқауына барып III орынға иеленді.

«Робототехника» үйірмесі. «Робототехника» үйірмесінде жаңа инновациялық технологиялар пайдаланып, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту көзделеді.

Түрлі жарыстарға қатыстырып, шығармашылық деңгейін жетілдіру. Сапалы білім берумен қатар еңбекке баулу және үйрету аса қажет. Жастарымыздың өнерлі болуы қоғамдық өмірімізге үлкен әсерін тигізеді деген оймен, оқушылардың еңбекке деген қызығушылығын қалыптастыру, табандылық, шыдамдылық, әр істің нәтижесіне жете білетін, өз ісін сүйетін патриот ұрпақ тәрбиелеуді мақсат етілді. Үйірме жұмысында робототехника, пульт арқылы басқарылатын құрылғылар, оқушыларды шығармашылыққа бағыттап үйретіп, жарыстарға қатысу көзделген. Соның нәтижесінде оқушылар жүлделі орындарды иеленіп жүр.

«Қолөнер» үйірмесінің негізгі бағыты оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыта отырып, оларды ептілікке, тұрмыстың деңгейдегі жұмыстары толық меңгеруге баулу болып табылады. Осы негізді басшылыққа ала отырып, оқушылар жыл бойына табиғи шикізаттармен, бұйымдармен, тұрмыстық заттармен жұмыс жүргізді. Сарамандық жұмыс барысында оқушылар табиғи бұйымдармен кесіп-пішу, ою, тігу секілді түрлік жұмыстарды жүзеге асырды. Оқушылар үйірме сабақтарынан бөлек мәдени-көпшілік іс-шаралардан қалыс қалмай, нәтижелі жеңістерге қол жеткізді. Атап өтер болсақ «Қазақтың күнделікті қолданылатын бұйымдары» тақырыбы бойынша: құрақ көрпе, сырмақ, қоржын туралы түсінік ала отырып оқушылардың теориялық жұмыстарында орын алды. Жалпы оқу процессінде түрлі сайыстарда аудан, облыс көлемінде оқушылардың жетістіктері бар. Шығармашылық жұмыстардың көрсеткіштері - мектеп дәлізіндегі картиналар галереясы және «Рухани жаңғыру» бұрышында натурал өлшемінде тігіліп безендірілген түйе. Тасқала ауданының мерейтойына шығарылған «Менің елім-Қазақстан» атты жеке көрмелер нәтижелі жұмыстың бір белгісі болып табылады.

«Жас суретші» үйірмесі тәрбиеленушілеріде жұмыс барысында өнердің бұл саласында сурет өнерінің қыр-сырымен танысып, түстердің үйлесімділігін аңғаруға, суреттің түрлерімен танысып, шебер салуға үйренеді. Бұл үйірмеге қызығушылар қатары жылдан жылға көбеюде. Сонымен қатар, түрлі аудан, облыс, республика және халықаралық деңгейде байқауларға да қатысып бақтарын сынап жүлделі орындарға да ие болып жүргендері де аз емес.

Психология қызметі. Оқушыларының психофизиологиялық денсаулығын дамуын есепке алып жеке тұлғаның ерекшелігін жан жақты зерттеп, жан дүниесін дамыта отырып, психологиялық қызметтің негізгі жұмыстары бес бағытта жүзеге асырылды. Олар психодиагностика, психопрофилактика, психокоррекция, психоконсультация, психологиялық білімді көтеру. 2019-2020 жыл аралығында жоспарға сәйкес жұмыстар жүргізіле отырып, оқу мотивациясы Лусканова әдістемесі қолданылды. Мектепке жетілуі (Керн-Йарасек) мақсаты баланың ұсақ нәзік қимыл әрекеттерінің қалыптасқанын және үйлесімділігін анықтау. Бұл әдістемені әр баламен жеке дара немесе топпен жүргізуге болады. Балалардың сурет салу қабілеттері жас ерекшелігіне сай қалыптасқан. Сөздік-логикалық ойлау әдістемесі балаға қолданылғанда «Ойымдағыны тап» әдістемесін пайдалана отырып, сөздік логикалық ойлауын дамыту, сөздік қорын, ауызекі сөйлеу дағдысын қалыптастыру көзделді. Кактус әдістемесі баланың эмоционалды жағдайын анықтау, агрессияны анықтауға пайдаланылды. Оқушылардың ішкі жан дүниесіне үңілуге, оның ойы мен уайымын білу мақсатында, 4-5 жастан бастап «Менің отбасым» суреттік тесті жасалынды. Балалар әлемді ересек адамдар сияқты қабылдамай, эмоциялық күйлерін және уайымдарын сурет салу барысында көрсетеді. Психология апталығы аясында «Біз бақытты баламыз» акциясы өткізілді. Акцияның негізгі мақсаты оқушылардың өмірге деген құштарлығын қызығушылығын ояту, өмірдің мәні туралы ой пікірлерін ортаға салдыру, өмірге жақсы көзқараспен қарауға, қадірлей білуге тәрбиелеу, өмірден өз орындарын таба біліп айналысына қуаныш сыйлай білуге баулу болып табылады. Оқушылар арасында кеңінен қолданылатын «Құпия сыйлық», «Алғыс айту», «Сыйластық», «Құрмет», әдіс-амалдары оқушылардың қызығушылығын қалыптастырып, оң әсерін берді. Оқушыларға кеңінен қолданылған «Артығын алып таста» әдісі заттың

маңызды белгілерін бөліп көрсете білуін, соның негізінде ортақ қорытынды жасай білуін диагностикалауға арналған.

Мұражай жұмысы. Орталықтың халықпен етене жұмыс жасай отырып, өткені мен келешекті байланыстыратын бірде-бір тарихи орыны орталық музейі болып табылады. «Атамекен» тарихи-өлкетану музейі - арнайы жабдықталған, қоғамдық қажеттіліктерді өтеуге арналған, тарихи – ғылыми дерек ретінде жәдігерлерді сақтап, ұрпақтан – ұрпаққа жеткізетін, әлеуметтік ақпарат құжаттарын жинайтын, эстетикалық құндылықтары бар, 2005 жылы 28 ақпан күнінен бері өз жұмысын жүйелі түрде жүзеге асырып, аудан тұрғындары мен мектеп оқушыларын, ауданға келген белгілі тұрғындардың табан тірер тарихи орыны. Музей ішінде нақты өмірден алынған музейге қоюға құндылығы бар, музей қорына тіркелген, ұзақ сақтауға бейім заттар сақталынған. Музейі бес бағытты қамтиды. Олар: ежелгі тұрмыс-тіршілігін айғақтайтын экспонаттармен, қазба экспонаттармен, Ұлы Отан соғысы жылдары, экологиялық бағыты, тарихи-өлкетану экспонаттары және атақты белгілі тұлғалар, ағартушылық, қайырымдылық салаларда да зор үлес қосқан қоғам қайраткері, тарихи тұлға фотосуреттерімен жабдықталған. Музейде сурет, фотосуреттер, мүсіндер, сәндік-көлеңер туындылары; соның былғарыдан, ағаштан, қыштан жасалған ыдыстар; ерлер мен әйелдердің белдік-белбеулері, медальдар, хаттар, фотоаппараттар, горн, барабан, карта, глобус, геологиялық тастар, монументтер, естеліктер, сыйға берген заттар және т.б. бар. Барлығы музейде 364 экспонаттар болса, жыл бойына келушілер саны 100-ге тарта және экскурсияға келушілер саны 1000-нан астам. Музей 2017 жылы паспортталған.

Жазғы демалысты ұйымдастыру. Жазғы кезеңде балалар мен жасөспірімдердің демалысын, сауықтырылуын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы, «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі, «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» 2002 жылғы 8 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңдарын басшылыққа ала отырып, балалар мен жасөспірімдердің демалысын, сауықтырылуын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру үшін қажетті жағдайлар жасау, балалардың қадағалаусыз қалуының, құқық бұзушылығы мен қылмыс жасауының алдын алу, жазғы каникул кезеңінде балалардың денсаулығын нығайту, қауіпсіздігі мен шығармашылығын дамыту мақсатында 2019 жылдың жазғы кезеңінде балалар мен жасөспірімдердің демалысын, сауықтырылуы мектептен тыс мекемеде ұйымдастырылады.

Ағымдағы жылдың карантин кезеңіне келуіне орай, Тасқала аудандық білім бөлімінің «Балалардың мектептен тыс жұмыс орталығының» жаз кезіңінде өткізілетін іс-шаралары елдегі ахуалға байланысты санитарлық-эпидемиологиялық сақтық шараларын сақтай отырып құрылған жоспарға сәйкес жұмыстар қашықтан жүргізілді. Жаз уақытында үйірмелер жұмыстары жоспар апталарға бөлініп, жауапты мамандарға жүктелді. 1-7 маусым аралығы азаматтық-патриоттық бағытта «Қазақсан – Менің Отаным» тақырыбында өткізілді. 4-маусым ҚР Мемлекеттік рәміздер күніне орай үйірме оқушылары арасында шағын таным сабағы өткізілді және мекеме ұстаздарымен видеороликтер түсірілді. 5-маусым күні үйірме арасында «Туған өлкем» атты онлайн сурет байқауы ұйымдастырылды. 8-14 маусым аралығы өлкетану бағыты «Саяхат уақыты» тақырыбында шаралар өтті. 10 маусымда «Поэзия менімен егіз бе едің?» (М.Мақатаев, Бұқар жырау, Сүйінбай Аронұлы, Абай, Шәкарім, Ф.Оңғарсынова, Қ.Мырзалі) ақын жазушылардың өлеңдері желісі бойынша сурет байқауы өтті, жауапты маман «қыш құмыра» үйірмесінің жетекшісі Джакупова Ш.М. 13 маусым БМТЖО жанындағы «Атамекен» мұражайына виртуалді саяхат ұйымдастырылды. Видео барлық ЖББ мектептің эл.поштасына жіберіліп таратылды. 15-21 маусым аралығы адамгершілік-рухани, отбасылық бағыты бойынша «Мейірімділік жолымен», «Отбасы-алтын бесік» тақырыбында 15 маусым күні «Біздің отбасымыздың бір күні» атты фотожобасы өткізілді. Жауапты маман мекемеміздің психологы Наджимова С.Ш. 18 маусым күні «Біз барлық

отбасымызбен байлаймыз, тігеміз, сурет саламыз және ән саламыз» атты үйірмелер арасында отбасы шығармашылық виртуалды фестиваль өткізілді. 22-28 маусым аралығы экологиялық бағытта «Таза ғаламшар және экологиясы» тақырыбына жасақталды, жауапты маман жас эколог үйірмесінің жетекшісі Тайбагарова Ж.Б. 22 маусым «Еңбек десанты» тақырыбында оқушылар үй жағдайында айналысатын сүйікті істерін көрсетті, өткізді. 23 маусымға әр түрлі материалдардан жасақталған ұсақ-түйектерден «Шебер қолдар» тақырыбында үйірме оқушыларының фотоколлажы жасақталды, жауапты маман Бақтыгереев А.Б. қолөнер үйірмесінің жетекшісі. 29 маусым мен 5 шілде аралығы тарихи-мәдени бағытта «Астана тарихы-ел тарихы!» тақырыбында өткізілді. 30 маусымға Нұрсұлтан қаласына виртуалды саяхат жауапты драма үйірмесінің жетекшісі Рахметов Қ.С. жасалды, және фейзбук парақшасына жасалған жұмыстар жүктелініп отырды. 6-12 шілде аралығы ғылыми-техникалық бағытында «Пайдалы ойындар» тақырыбында өткізілді. «Астана тарихы-ел тарихы!» тақырына 2 шілде күні «Нұрсұлтан деп соққан жүрегім» атты үйірмелер арасында сурет конкурсы өткізіліп, жеңімпаздар анықталып, марапатталған болатын. 6-шілде күні «робототехника» үйірме оқушылары арасында «Робофутбол» сайысы қашықтықтан ұйымдастырылды. 8-шілде күні «қолөнер» үйірмесі атынан «кішкене техникалық сиқырлар» тақырыбына лайфхак бейнежазба фейзбук парақшасына жүктелді. 14 шілде күні Балалардың бейнелеу және сәндік-қолданбалы өнерінің қыр-сыры және түрлі жасалған бұйымдарының бірнешеуін жасап ұсынылды. 15 шілде күні «Біздің ауламыздың ойындары» тақырыбына байланысты балалар асық ойын қашықтықтан ойнады. Ұйымдастырған роботехника үйірмесінің жетекшісі Қанатов А. 17 шілдеде «Шеберлер қаласы» тақырыбында қолөнерде пайдаланатын бірнеше «лайфхактар» көрсетті. (бейнеролик арқылы). 21 шілдеде «Таланттар әлемі» апталығына байланысты «Он саусағы майысқан шебер болам» атты үйірмелер арасында челлендж оздырылды. Ұйымдастырушы жас тігінші үйірмесінің жетекшісі Тайбагарова Ж. 24 шілде күні «Көрнекті фотосурет» қашықтықтан көрме балалардың жаз бойы салған суреттері көрсетілді. (Жалмуханова Г.Н.) Тамыз айының 10 күні Абайдың – 175 жылдығына арналған «Абай жолы» атты Абай Құнанбаевтың туған өлкесіне яғни өміріне қысқаша саяхат жасалды. Бейнеролик фейзбук парақшасына жүктелді. Дайындаған Драма үйірмесінің жетекшісі Рахметов Қ.С. 17 тамызда «Ұлы Даланың – Ұлы есімдері» атты тақырыпта Аль-Фарабидің 1150 жылдығына орай танымдық бейнебаян жасақталды. Дайындаған Драма үйірмесінің жетекшісі Рахметов Қ.С. 26 тамыз күні жоспар бойынша «Біздің отақ үйіміз Қазақстан» онлайн шығармашылық конкурс жоспарланып, жүзеге асырылды. Ұйымдастырушы жас суретші үйірмесінің жетекшісі Жалмуханова Г.Н. 28 тамыз күні авто-кеме үлгілеу үйірмесінің жетекшісі Иманғалиев Р.И. ұйымдастыруымен тәуелсіздік күніне орай авто және кеме макеттерінің шеруі өтеді. Өткен барлық жұмыстар фейзбук парақшасына жүктелініп отырылды. (**«Бмтжо Тасқала Ауданы»** **фейзбук парақшасы**)

Үйірме оқушыларының жетістігі: Балалардың мектептен тыс жұмыс орталығының үйірме оқушылары Облыстық және Республикалық байқауларға қатысып, жүлделі орындарға ие болғандары да бар. Соның ішінде I орын – 22; II орын – 9; III орын – 7 және «номинация», «Белсене қатысқаны үшін», «Алғыс хат» - 13-і ие;

«Робототехника» үйірмесі бойынша, аудандық білім бөлімінің «Балалардың мектептен тыс жұмыс орталығының жоспарына ақпан айында Қ.Сәтбаев ЖОББМ базасында БҚО білім басқармасының ұйымдастыруымен жалпы білім беретін мектеп оқушылары, қосымша білім беру техникалық орталықтардың тәрбиеленушілері, колледж студенттері (6-19 жас) арасында облыстық үлкен байқау «РОБОЛЕНД-2020» фестивалі өткен болатын. Оған біздің облыстың барылық аудандары қатысып 127 команда, 230 оқушы қатысқан болатын. Халықаралық «RoboLand-2020» фестивалінің облыстық кезеңінде «Лабиринтте басқарылып жүретін роботтар» I орын Маулен Нұрдаулет; Халықаралық «RoboLand-2020» фестивалінің облыстық кезеңінде «Лабиринтте басқарылып жүретін роботтар» I орын Нусанов Ертас; Халықаралық «RoboLand-2020»

фестивалінің облыстық кезеңінде «Робототехника – білім саласының болашағы» II орын Ескалиев Санжар; Халықаралық «RoboLand-2020» фестивалінің облыстық кезеңінде «Робототехника – білім саласының болашағы» II орын Мұрат Архат; Халықаралық «RoboLand-2020» фестивалінің облыстық кезеңінде «Роботты құрастыр» II орын Балқаш Ермұхаммед; Халықаралық «RoboLand-2020» фестивалінің облыстық кезеңінде «Роботты құрастыр» II орын Самат Мансұр; I орын иегерлері –2; II орын иегерлері – 3;

«Жас суретші» үйірмесі бойынша Республикалық ALTYN G'ASYR шығармашылық орталығының "Алаш ардақтылары" атты байқауы "Бейнелеу" жанры бойынша Тагаева Назерке Бас жүлде; "Халықаралық ғылыми тәжірибе" Республикалық қашықтық олимпиадалар орталығының ұйымдастыруымен өткен мектеп оқушылары арасындағы "Қыс қызығы" атты байқауы Сатқали Ақбаян I орын; Sabak.kz Республикалық әдістемелік сайтында ұйымдастырылған "Суреттер сөйлейді" байқауының жүлдегерлері Әділбекұлы Талант, Бекмағанбет Нұртілеу, Асқар Ақерке, Иманғали Қарақат, Садихий Кәусар I орын; "Жемқорлыққа жол жоқ" тақырыбының үйірмешілік плакаттар байқауы Оразали Даяна I орын; Нұрым Нұрсезім II орын; Жеткіншек Әнел III орын; Ашық Республикалық балалар бейнелеу өнері шығармашылығы байқауының "Менің ғажайып әлемім" "Сәндік қолданбалы өнер" номинациясына қызықты жұмыстар ұсынғаны үшін диплом. Мулдашева Айжамал «Белсене қатысқаны үшін»; "Лидер XXI века" Халықаралық инновациалық білім орталығы "Жыл мезгілдері" атты II Халықаралық суреттер, фото суреттер және қолөнерлер байқауынан диплом Зәлі Зейнегүл, Ермек Арай, Ағайдарова Аягөз, Сумкина Дария, Иргалиева Адия I орын;

I орын иегерлері –4; II орын иегерлері – 1; III орын иегерлері – 1; «Алғыс хат» - 2;

«Жас тігінші» үйірмесі бойынша "ҚЫСҚЫ ЕРТЕГІ-2020" «PROGRESS» республикалық білім беру-интеллектуалдық орталығы (сурет салу конкурсы, сурет салу суреттері, қолдан жасалған бұйымдар мен ашық хаттар). Байқауы Әнуар Айым I орын; Республикалық білім беру-интеллектуалдық орталығы «PROGRESS» "Жауһар" республикалық шығармашылық байқауында "сәндік-қолданбалы шығармашылық" номинациясы бойынша» Садихий Кәусар I орын 2020 жыл; Қазақстан Республикасының тәуелсіздік күніне орай «Эврика» білім беру орталығымен ұйымдастырылған Республикалық «Тәуелсіздік тұғырым» атты көркемсурет байқауының жеңімпазы Әнуар Айым, I орын; Қазақстан Республикасының тәуелсіздік күніне орай «Эврика» білім беру орталығымен ұйымдастырылған Республикалық «Тәуелсіздік тұғырым» атты көркемсурет байқауының жеңімпазы Асқар Ақерке II орын; «Халықаралық ғылыми тәжірибе» Республикалық қашықтық олимпиадалар орталығының ұйымдастыруымен өткен мектеп оқушылары арасындағы «ҚЫС ҚЫЗЫҒЫ» атты байқауы Мұқамбетжан Әдемі, Мукашева Салтанат, Нұрым Нұрсезім I орын; Бүлдіршіндер, оқушылар мен жасөспірімдер және жастар арасында 2020 жылдың 4-6 шілде аралығында өткен «Арман жырым-Астанам!» атты онлайн Республикалық өнер және шығармашылық байқауына қатысып, үздік өнер көрсеткені үшін «Қолөнер» номинациясы бойынша марапатталады. Самат Ару I дәрежелі дипломант, медаль; Бүлдіршіндер, оқушылар мен жасөспірімдер және жастар арасында 2020 жылдың 4-6 шілде аралығында өткен «Арман жырым-Астанам!» атты онлайн Республикалық өнер және шығармашылық байқауына қатысып, үздік өнер көрсеткені үшін «Бейнелеу өнері» номинациясы бойынша марапатталады. Ағбай Айкөркем I дәрежелі дипломант, кубок; Бүлдіршіндер, оқушылар мен жасөспірімдер және жастар арасында 2020 жылдың 12-14 желтоқсан аралығында өткен «Тәуелсіздік-мандайдағы бағым бұл!» атты онлайн Республикалық өнер және шығармашылық байқауына қатысып, үздік өнер көрсеткені үшін «Қолөнер» номинациясы бойынша марапатталады. Иргалиева Адия I дәрежелі дипломант, медаль; Бүлдіршіндер, оқушылар мен жасөспірімдер және жастар арасында 2020 жылдың 12-14 желтоқсан аралығында өткен «Тәуелсіздік-мандайдағы бағым бұл!» атты онлайн Республикалық өнер және шығармашылық байқауына қатысып, үздік өнер көрсеткені үшін «Қолөнер» номинациясы бойынша марапатталады Абулхаир Ирада I дәрежелі лауреат диплом кубок;

I орын иегерлері –8; II орын иегерлері – 1; «Алғыс хат» - 1

«Телестудия» үйірмесі бойынша «Бірге Таза Қазақстан» атты республикалық фотосурет байқауына қатысып, ерекше өнеркөрсеткен үшін Диплом II орын Таңғатарова Н.С 2020ж; Халықаралық қатысулармен өткізілетін республикалық шығармашылық конкурс «Ең үздік фотосурет» I дәрежелі Таңғатарова Нұргүл, 2020ж; I "Алтын күз" республикалық бейнелеу шығармашылығы байқауында»I дәрежелі Нұрым Нұрсезім. 2020ж ; I орын- 1; II орын- 1;

«Авто үлгілеу және кеме үлгілеу» үйірмесі бойынша «Ұлы өнетапқыштыққа алғашқы қадам инновациялық идеялар облыстық байқауында Ауыл шаруашылық техникаларын жабдықтар саласындағы техникаларды құрастыру секциясы бойынша Ерғали Бағдаулет III орын. Халықаралық Roboland-2020 фестивалінің облыстық кезеңінде грамота Агроинженерия-2020 Ермеков Әлімбек, Доқайыров Бекнұр. «Түлкі аулау» спорттық радиопеленгациясынан облыстық байқауына «Түлкі аулау» спорттық радиопеленгациясынан облыстық жарыста 27 мг диапазоны бойынша Иманглиев Аян III орын. «Түлкі аулау» спорттық радиопеленгациясынан облыстық жарысқа қатысқан үшін сертификат Ермеков Әлімбек, Аунов Аслан. «Өнертапқыштыққа алғашқы қадам» қашықтық облыстық байқауында Ауыл шаруашылық техникаларын жабдықтар саласындағы техникаларды құрастыру секциясы бойынша II орын Уркенов Набиулла. «Өнертапқыштыққа алғашқы қадам» қашықтық облыстық байқауында «Құрылыс облыстық жобалар» номинация бойынша II орын Ермеков Әлімбек. «Ұлы өнетапқыштыққа алғашқы қадам инновациялық идеялар облыстық байқауында «Әскери техникаларын жабдықтар саласындағы техникаларды құрастыру» секциясы бойынша Шорын Досқайыров Бекнұр., II орын- 2; III орын-3;

«Қыш құмыра» үйірмесі бойынша «Шымкент - қайырымды қала» Республикалық диплом 2020 ж. Менделі Әмірхан (номинация); «Шымкент - қайырымды қала» Республикалық диплом 2020 ж. Медекенова Айжан (номинация); «Алғыс хат» - 2

«Драма» үйірмесі Облыстық «Театрдың ғажайып әлемі» атты сахналық қойылымдар байқауына «белсене қатысқаны үшін» 2020 жыл; Облыстық «Шексіз әлем» видео роликтер байқауында Ниязбаев Жангир, II орын, 2020 жыл; Облыстық «Қоғам балалар көзімен» видео роликтер байқауында «Үздік сценарий» Ниязбаев Жангир, Насибуллин Бекжан, 2020жыл; Облыстық Әбіш оқулары байқауында сахналық қойылым бағыты бойынша II орын, 2020 жыл; Облыстық «Movie креатив» видео роликтер байқауында III орын, 2020 жыл; «Спорт менің серігім» бейне роликтер байқауында «Үздік бейне ролик» Ниязбаев Жангир 2020 жыл; Ұлы Отан соғысының 75-жылдығына орай облыстық онлайн челлендж байқауы Мукашева Дилназ, III орын, 2020жыл; II орын – 2
III орын – 3; «Алғыс хат» - 2

«Жас әдебиетші» үйірмесіне келген оқушылардың жеткен жетістіктері облыстық «Балалар тарихы – ұрпаққа аманат» байқауында «Алғыс хат», I Республикалық қашықтықтан өткізілетін эссэ, шығарма және өлең байқауында Орынбай Ақбота I, Шәки Бекарыс I орын, республикалық қашықтықтан «Жұлдызың жансын!» интернет-байқауында Жәрдемова Аружан I орын, «Әлем таныған Абай» жобасы аясында Абай Құнанбайұлының «Күз» атты өлеңін мәнерлеп оқудан республикалық онлайн сайысында Шәки Бекарыс I орын, «Асыл жүрек» республикалық балалар шығармашылық байқау-фестиваліне қатысқаны үшін Орынбай Ақбота мен Жәрдемова Аружан «Сертификат» алса, «Тәуелсіздік деп соғады жүрегім!» тақырыбында республикалық сырттай мәнерлеп оқу байқауын Орынбай Ақбота I, Шәки Бекарыс I орын, Жәрдемова Аружан I орынға ие болды. «Менің өлкемнің тарихындағы отбасымның тарихы» эссе байқауында Орынбай Ақбота «Алғыс хат» иегері атанды. «Тәуелсіздігім – туыммен тұғырлы, Елтаңбаммен еңселі» ресаубликалық әдеби байқауында Орынбай Ақбота, Шәки Бекарысқа «Диплом» берілді. I орын –7; «Алғыс хат» - 6

2020 жылы оқушылармен өткізілген бұқаралық іс-шаралар қорытынды есебі

Орталығымызда 12 үйірме жұмыс жасайды. Үйірмелерде 324 оқушы қамтылған. Үйірме оқушылары Облыстық және Республикалық байқауларға қатысып, жүлделі орындарға ие. Балалардың мектептен тыс жұмыс орталығында 2020 жылдың қаңтар-желтоқсан айлары аралығында жоспар бойынша 30 байқау өткізіліп, 538 оқушы қамтыды.

2020 жылдың 1 қаңтар күні мектептен тыс жұмыс орталығында аудандық **«Шахмат»** жарысы ұйымдастырылды. Жарыстың нәтижесін әділ қазылар алқасының бағалауымен I топ 2005-2006 жылғы ер балалар арасынан I орынды Атамекен ЖОББ МБК оқушысы Максұтов Бейбарыс; II орынды Ы.Алтынсарин ЖОББМ оқушысы Ермеков Алимбек; III орынға ЖОББ Шежін МБК оқушысы Мамай Гани иеленді. II топ 2007-2008 жылғылар арасынан топ жарып I орынға «Сәулет» МЛ оқушысы Сапаков Марлен; II орынға осы мектептің оқушысы Тәшім Мақсат; III орынға Нұрым Айбек иеленсе, III топ бойынша 2009-2010 жылғы ер балалар арасынан топ жарып I орынды Қ.Сәтбаев ЖОББМ оқушысы Изтлеуов Диас; II орынға Достық ЖОББ МБК оқушысы Ахметов Асет; III орынға Атамекен ЖОББ МБК оқушысы Серік Мейірбек иеленді. IV топ 2011 жылғылар және одан кіші жас арасынан I орынға Мерей ЖОББМ оқушысы Бастами Ернар; II орынға Қ. Сәтбаев атындағы ЖОББМ оқушысы Тәшім Нұрсұлтан ерекшеленді. Осы жарыста III топ 2009-2010 жылғы қыз балалар арасынан I орынға Қ. Сәтбаев атындағы ЖОББМ оқушысы Мукашева Салтанат; II орынға Ы.Алтынсарин атындағы ЖОББМ оқушысы Намазова Назерке; III орынға Мерей ЖОББМ оқушысы Шарипова Айзада иеленді. IV топ 2011 жылғылар және одан кіші жас арасынан I орынға Қ.Сәтбаев атындағы ЖОББМ оқушысы Шукеева Малика; II орынға Достық ЖОББ МБК оқушысы Сердалиева Эльвира ерекшеленді.

2020 жылғы 18 қаңтар күні мектептен тыс жұмыс орталығында **«Біз экстремизмге қарсымыз»** атты аудандық сырттай плакаттар байқауы ұйымдастырылды. Аудандық плакат байқауына 8-11 сынып аралығындағы оқушылардың жұмыстары қабылданады. Бұл сайысқа Ы.Атынсарин атындағы ЖОББМі, Шежін ЖОББ МБК, Айнабұлақ ЖОББ НМ, Мерей ЖОББМі, ЖББ Амангелді ОМББК, ЖОББ Қ.Сәтбаев атындағы М, Достық ЖОББ МБК, Атамекен ЖОББМК, ЖББ Ақтау ОМББК, «Сәулет» МЛ қатысып бақтарын сынады. Әділқазылар алқасының бағалауымен III орынға ЖОББ Қ.Сәтбаев атындағы М оқушысы Нұрымова Айшат, жетекшісі Турешова Г.Б.; II орынға Достық ЖОББ МБК оқушысы Казиоллина Сырсұлу, жетекшісі Аубаков Ж.; жүлделі I орынға Ы.Атынсарин атындағы ЖОББМінің оқушысы Кульмашев Шайхат, жетекшісі Джусупкалиев А.И. иеленіп дипломдармен марапатталды.

Ағымдағы жылдың 18 қаңтар күні мектептен тыс жұмыс орталығында **«Таңғажайып сәт»** атты аудандық сырттай фотокөрме байқауы ұйымдастырылды. Әділқазылар алқасының бағалауымен «Сәтті селфи» номинациясы бойынша III орынға Шежін ЖОББ МБК оқушысы Мамай Батыржан, жетекшісі Карменова Б.Ш.; II орынға ЖОББ Қ.Сәтбаев атындағы М оқушысы Гайнуллиева Дильназ, жетекшісі Бактыгереев А.Б.; жүлделі I орынға ЖББ Амангелді ОМББКінің оқушысы Кажимова Мадина, жетекшісі Қозыбаева Н.М. иеленді. «Туған жер» номинациясы бойынша III орынға Шежін ЖОББ МБК оқушысы Мамай Батыржан, жетекшісі Карменова Б.Ш.; II орынға ЖББ Ақтау ОМББК оқушысы Менсейітова Дельназ, жетекшісі Беркалиев Е.И.; жүлделі I орынға «Сәулет» МЛ оқушысы Куанышкалиева Арузия, жетекшісі Сараева Г.Г. иеленді. «Қыс қызықтары» номинациясы бойынша III орынға Достық ЖОББ МБК оқушысы Ергалиева Камила, жетекшісі Шантимирова Н.И.; II орынға ЖББ Ақтау ОМББК оқушысы Қазбек Мақсат, жетекшісі Жумашева А.Г.; жүлделі I орынға ЖББ Амангелді ОМББК оқушысы Жаксыгулов Алина, жетекшісі Есламғалиева Ұ.Н. иеленді. «Мектеп өмірі» номинациясы бойынша III орынға Атамекен ЖОББМК оқушысы Даулетов Рашид, жетекшісі Мухамбетова А.И.; II орынға Шежін ЖОББ МБК оқушысы Мамай Батыржан, жетекшісі Карменова Б.Ш.; жүлделі I орынға Атамекен ЖОББМК оқушысы Жумаканов

Бекжан, жетекшісі Жазыкбаева А.Қ. иеленді. «Тоқта, тез қозғалыс» номинациясы бойынша ІІ орынға «Сәулет» МЛ оқушысы Жумақанова Римма, жетекшісі Сараева Г.Г.; ІІ орынға Мерей ЖОББМі оқушысы Сапарғали Сағи, жетекшісі Қуанова Э.Б.; жүлделі І орынға ЖОББ Қ.Сәтбаев атындағы М оқушысы Гайнуллиева Дильназ, жетекшісі Бактыгереев А.Б. иеленіп дипломдармен марапатталды.

